

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ

IV

РЫМҒАЛИ
НҰРҒАЛИ

•
Шығармалары

IV

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ



Шығармалары

4

ТОМ

Сөз өнерінің
эстетикасы

Монография

II кітап

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5 Қаз)

Н 86

*Қазақстан Республикасының Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Н 86 Нұрғали Р.

Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013.

ISBN 978-9965-35-995-8

Т.4. Сөз өнерінің эстетикасы: *монография*. II кітап. – 216 б.

ISBN 978-601-302-016-7

Қарымды қаламгер әрі көрнекті әдебиеттанушы ғалым, академик Рымғали Нұрғалидың іргелі зерттеу еңбектері топтастырылған 8 томдық жинағының 4-томына «Сөз өнерінің эстетикасы» атты монографиясының «Әдеби тұлға», «Әдеби қозғалыс» деп аталатын соңғы қос тарауы беріліп отыр.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5 Қаз)

ISBN 978-601-302-016-7 (Т. 4)

ISBN 978-9965-35-995-8

© Нұрғали Р., 2013

© «Фолиант» баспасы, 2013



Төртінші тарау

Ә Д Е Б И Т Ұ Л Ғ А

Бірінші эссе

I

Мұхтар Әуезов шығармашылығы – қазақ өнерінің ұлттық және интернационалдық сипатын айрықша терең танытатын ғажап құбылыс. Ғасырлар бойы өнерпаздардың мың сан ұрпағы жасаған шебер де әсем өрнектер, әуез-сарындар, мотив-идеялар, ауыз әдебиетіндегі томырылып жатқан байлықтар, жазба әдебиеттегі қазыналар ұлы қаламгер шығармаларына нәр беріп, оның әлем мәдениетіне құнарлы, арналы өзен болып құйылуына жағдай жасады.

Кемеңгер ұлы жазушы шығармашылығы – ұлттық өркендеудің сара жолына түскен, қайта туып, түлеген, тұсаудан, езгі-қорлық, тепкі-отаршылдық атаулыдан түгел құтылуға күш салған қазақ халқының әлемдік мәні бар асыл туындылар бере алатындығын алғаш рет жария еткен, озық үлгілердің баршасының мұрагері – реализм әдебиетінің алтын қазынасындағы інжу-маржандар, адамзаттың эстетикалық байлығына айналған жалпылық мәні бар рухани дәулет.

II

Табиғатынан керемет дарынды жаратылған Мұхтар Әуезовтің ұлттық данышпанымыз Абаймен, керемет қаламгер Шәкәріммен туыс, елдес, жерлес болуы – оның өмірлік тағдырында шешуші ықпал жасаған факторлардың бірі. Сахарада



арыстан секілді шөгіп жатқан, әрбір сайы тарих шежіресін шертіп тұратын қазыналы, құтты Шыңғыстау – үш алыптың: Абай, Шәкәрім, Мұхтардың атамекені, талбесігі.

Мұхтар ұлы шешесі Дінәсіл әжесінің бауырында тәрбие алып, балалық шақтың көшпелі елдегі барлық қызығын көрумен қоса, ертегі-жырды, аңыз-әңгімені зердесіне түгел құйып өседі. Осы Шыңғыстауда Мұхтар тұңғыш ғашық болған, перзент сүйген, тұңғыш еңбек етіп, бала оқытқан, тұңғыш шығармаларын жазған, Шәкәрімнен бата алған; шырқап кеткен шағында туған ауылын сағынып келіп, апталап-айлап жатады екен; қасына әңгімешіл, өнерпаз серіктер ертіп, тау-тасты, өлке-өзенді атпен аралайды екен.

1957 жылы күзде жасы алпысқа келген, даңқы әлемге жайылған жазушы көп жылқының ішінен бұрынғы Абай ауылының жүйрігін жазбай таныды; кәрі-жасты, ел-жұртты таңғалдырып, көзіне моншақ-моншақ жас алып тұрды. Кім білген, бұл ұлы суреткердің өмір бойы жырлаған атамекен, туған жері Шыңғыстаумен, ауылдас ағайынмен қоштасқаны екен ғой.

Білім алу жөнінен Мұхтар Әуезов қолын мезгілен кеш сермеген жоқ: ол XX ғасырда қазақ баласына мүмкін болған мектеп сатыларының бәрінен өтті: училище, семинария, университет, аспирантура. Даланың жыршысы Мұхтар Әуезов көп ғұмырын қалада өткізді: Семей, Орынбор, Ташкент, Ленинград, Москва, Алматы.

Дүние жүзінің бірқыдыру елдері Әуезовтің үнін естіді: Америка, Жапония, Үндістан. Қаламгер Әуезов түрлі қызмет істеді, атақ-дәрежеге ие болды: Семей губревкомының мүшесі, губисполком төрағасы, КазГУ, МГУ профессоры, академик, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

III

1917 жылы 5 қыркүйек күні Семей қаласында шығатын губерниялық газетте жарияланған «Адамдық негізі – әйел» атты мақалаға есімі көпшілікке белгісіз бір жігіт «семинарист



Әуезов» деп қол қойды. Бұл қазақтың болашақ ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің баспа бетін көрген тырнақалды шығармасы болатын.

Абай дәстүрінде, қазақ демократтарының үлгісінде жазылған бұл мақалада жиырмадағы Мұхтар сол кезеңнің әлеуметтік көкейкесті мәселесі – әйел теңдігі проблемасын гуманистік идеялармен, педагогикалық тәрбиемен ұштастыра қарайды. Сөз саптау, сөйлем құрылысы, лексикалық байлық жөнінен стильдік даралық танылады. Әйел тағдыры, оқу-ағарту, ғылым, саясат, өнер, халықаралық жағдай, философия – осындай тақырыптарға белсенді түрде қалам тартқан Мұхтар Әуезов шығармашылығының алғашқы кезеңінде журналистика, публицистиканың алатын орны зор. Күнделікті ағымдағы құбылыстарға тез үн қату, пікірді ашық, ықшам айту, идеологиялық мәселелерге өз позицияңды анық білдіру – осы секілді баспасөз талаптары Мұхтар Әуезовтің саясаты, тарихты, философияны терең меңгеруіне, көркем шығармаларының идеялық нысанын дөп табуына ықпал жасаған, қалыптасу кезеңінде пайда тигізген жағдайлардың бірі.

IV

Кезінде Сәбит Мұқанов: «Қазақ әдебиетінде драматургия жанры – тек Мұхтар Әуезов қана ашқан жаңалық», – деп еді. Шынында да, Әуезов – ұлттық драматургияның атасы.

Тоғыз жасынан бастап қалада өсіп, орыс, татар театрларын көру, Еуропа әдебиетімен жете танысу оны реалистік драматургияға алып келді. Эпостағы, аңыздағы тұтас сюжеттерді, халықтық бейне нұсқаларын, ел тұрмысындағы ойын-сауық өткізу рәсімдерін Мұхтар Әуезов ұлттық драматургия жасауда зор шеберлікпен, реформаторлықпен пайдалана білді. Шекспир, Гоголь, Погодин шығармаларын аудару – үйрену, өсудің шынайы мектебі еді.

Театрда қызмет істей жүріп, Мұхтар Әуезов қазақ актерлерінің тұтас буынын тәрбиеледі, білім берді. Әуезов қаламынан



туған драмалық шығармаларды бірнеше тақырыптық арналарға саралап қарауға, зерттеуге болады, олар: аңызды, эпосты арқау еткен туындылар, күнделікті өмірдің әр кезін бейнелейтін туындылар, либреттолар, сценарийлер. Қаламдас достары Леонид Соболевпен, Сәбит Мұқановпен, Ғабит Мүсіреповпен, Әбділда Тәжібаевпен, Әлжаппар Әбішевпен шығармашылық ынтымақта жазған бірқыдыру пьесасы және бар.

Әуезов драматургиясы – әлеуметтік тартыстар, кесек мінездер, үлкен идеялар драматургиясы. Мұнда қазақ халқының қилы-қилы өмір кезеңдері жанды бейнелер арқылы сыр шертеді, ұрпақтар шеруі көз алдыға келеді.

V

Әйгілі эпопеяның бірінші кітабы шыққанда Мұхтар Әуезов – қырық бесте, ал тұңғыш әңгімесі жарияланғанда – жиырма төртте. Осы екі ортадағы жиырма жылда суреткер негізінен пьеса, әңгіме, хикаят жазды. Алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінде» маңызды, күрделі әлеуметтік құбылыс бейнеленген.

Бұл шығарманың жазылу әдісінде, сюжет құру мәнерінде, композициялық құрылымында, сөз жоқ, әлемдік реалистік әдебиеттің, ең алдымен Еуропа прозасының дәстүрі барлығы айқын көрінеді. «Бейшара Лизадан» «Қылмыс пен жазаға» дейін созылып келген гуманистік идея, адам өлімін, трагедияны көрсете отырып, үлкен сырлар шерту сарынын жас қаламгер жақсы меңгерген.

Пейзажды, диалогты, монологты адам психологиясын ашудың ұтымды тәсілі ретінде пайдалану – Әуезовтің жазушылық ерекшеліктерінің бірі. Алғашқы әңгімедегі әуендер кейін көптеген туындыларында қайта өрбіп, дамып, өрлеп отырады. Жазушылық сапардың бастапқы кезеңіндегі туындылардың ортақ сипаты – олардағы трагизм, әлеуметтік қақтығыстар, адамның ішкі әлеміндегі қайшылықтар – осының баршасында келісім, бірлікті қойып, ат құйрығын кесіп кету, морт сыну, өліммен тыну бар. Мұхтар Әуезов қазақ ауылын төкеріске



алып келген әлеуметтік құбылыстарды, антагонистік қайшылықтарды сұсты, келбетті реалистік, трагедиялық шығармалар арқылы шынайы бейнеледі.

Жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы Әуезов ізденістерінің қорытындысы – «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаяттары. Алғашқысында отаршылық кесапатына қарсы ызалы жүректің ашуы, екіншісінде қорлық-зомбылыққа қарсы бас көтерген шамырқанған намыс, кекті қарсылық бар. Бұрынғы жапа шеккендердің баршасының кегін қайырушы Бақтығұл секілді. Күллі кектілер оның қолына ажал мылтығын берген секілді.

VI

Алдымызда жатқан Мұхтар Әуезовтің қолжазбалары араб, латын, орыс графикасымен, түрлі сиямен, қарындашпен жазылған. Әріптердің қағазға түсу қалпында асығыстық, ырғақ, екпін бар сияқты. Әуелде ойда пісіріп, ширатып, толғағын жеткізіп алған сырлар асығыс ақтарылғандай. Кей беттер таптаза, кей беттер сан сызылған, сан алуан өзгерістерге түскен. Қырқыншы жылдардың ортасына дейін шығармаларын қағазға жазып түсіретін Әуезов кейін әуелгі нобай, нұсқаны машинисткаға, стенографисткаға айтып жаздыруды дағдыға айналдырды. Редакциялау, ажарлау, тереңдету, көркемдеу әр түрлі вариант, нұсқаларды тудырды.

VII

Абайға жеңгелері қойған Телғара деген атты айдар етіп роман жазбақ болған Мұхтар Әуезов шығармашылық еңбектің барысында ұлттық эпопея жасауға бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кетті. Сөйтіп ол қазақ әдебиетін дүниежүзілік даңққа бөлеген төрт томдық «Абай жолы» тетралогиясын тудырды. Бұл шығарманы заманымыздың үлкен қаламгерлері М. Шолохов, Л. Арагон, К. Федин, А. Фадеев, Л. Леонов, Ш. Айтматов



классика қатарына қосты, ғалымдар арнайы зерттеп жатыр, бұл туындыны өз тіліне аударып алу – ұлт үшін мақтанға, мерейге айналды.

Романда әлеуметтік, таптық қайшылықтар тарихи тұрғыдан реализм принциптеріне лайық сипатта шыншылдықпен, тамаша, жанды, сенімді тұлғалар арқылы көркем бейнеленді. Антагонистік қайшылықтар адамдар мінездерінің шарпысуы, айқас арқылы суреттеледі. Эпопея бастан-аяқ өмір көріністеріне, динамикаға, тіршілік тынысына, қимыл-қозғалысқа толы. Романда тарау-тарау, сала-сала, белдеу-белдеу жолдар бар, олардың дәл ортасындағы қасқа жол – қазақ халқының прогреске, бостандыққа тартқан, таңға қарай бет алған жолы – Абай жолы.

Тіршіліктің барлық бояуын көрсеткен ғаламат шығарманың сан алуан көркем қабаттары халқымыздың өткен тарихын, рухани әлемін, әсемдік идеяларын көз алдыға алып келеді. Бұл романда атан жілік батырлар, ақылгөй даналар, керауыз билер, қаражүрек болыстар, жастардың мөлдір махаббаттары, аңқылдаған ақындар, ақ көңіл ата-аналар, пәк ниетті балалар, сан буынның өкілдері бар. Тау, су, өзендер бар. Ән, жыр, қара қобыз, кәрі домбыра бар. Қысқасы, «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының ары, намысы, арманы, мәңгілік ғұмыры көрінеді.

Қазақ тілінің бейнелеу мүмкіндіктерінің жаңа қабаттарын ашқан романда өнер адамын көрсету саласында әлем әдебиеті үшін жаңалық болған соны, зор табыстар тағы бар. Психологиялық талдау, ішкі монолог, адам жанының диалектикасын көрсету жөнінен «Абай жолы» эпопеясы әлем әдебиетіндегі барлық ғасырларда барлық халықтар жасаған ең үздік шығармалармен қатар тұрды.

VIII

Академик Мұхтар Әуезов фольклор, СССР халықтары әдебиеті, жанрлар теориясы, қазіргі әдеби процесс жөнінде күр-



делі, терең пікірлер айтқан ғалымдығының үстіне оқымысты-филологтардың бірнеше буынына сабақ беріп, тәрбиелеп өсірген ғұлама, ұстаз болатын. Абайтану атты жаңа ғылыми пәнді негіздеген профессор Мұхтар Әуезов өзінің барқыт қоңыр үнімен, кей шақта ақырын жөткірініп қойып, бейне бір данышпан Абайдың тірі өзіне ұқсап, аудиторияны ұйытып, сөзден кесте төгіп, жас жүректерді тылсымдай баурап:

– Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар. Менің романимды терең ұғамын десеңдер, Абайды, Абай поэзиясын оқыңдар, – деп лекция оқып тұрар еді.

Мұхтар Әуезов өлген жоқ: ұлы қаламгердің есімі кеме болып теңіздерде жүзіп, көше болып созылып, қала болып құлпырып тұр.

Мұхтар Әуезов әрқайсымыздың жүрегімізде.

Мұхтар Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс.

Екінші эссе

I

- Елуге келіпті.
- Кім?
- Серік Қирабаев.
- Қойсаңшы.
- Сенбей тұрсың ба?
- Ойбай-ау, біз қырқыңды алқымдадық. Оған қайдағы елу?
- Рас, елу.
- Ей, білгіш, осыдан жиырма бес жыл бұрын мектепте оқулығын оқыдық емес пе?
- Иә, оқыдық. Қазіргілер де оқып жатыр.
- Ол кезде өзі жиырманьың ішіндегі қылшылдаған жас жігіт екен-ау, ә?

II

Төңкерістен бұрын алғашқы үлгілері көріне бастап, кейінгі дәуірде қалыптасқан қазақ әдебиеттану ғылымы елуінші жылдар ортасында жаңа белеске көтерілген болатын. Партияның XX съезінен кейін ерекше қажырмен еңбек еткен қазақ әдебиетшілері, аға буынның өкілдері – Мұхамеджан Қаратаев, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллин негізгі, күрделі еңбектерін осы тұста жазса, сол кездегі жастар Айқын Нұрқатов, Зәки Ахметов, Рахманқұл Бердібаев, Баламер Сахариев, Мүсілім Базарбаев, Әнуар Дербісалин, Мырзабек Дүйсенов, Евгения Лизунова ғылымдағы алғашқы қадамдарын бастаған. Серік Қирабаев та осы кезде өнімді, жемісті, дарынды буын қатарында зерттеушілік сапарға жол тартты.

Елуінші жылдардың ортасында жарияланған «Ғабиден Мұстафин» атты ғұмырнамалық очерк жас автордың ғылымдағы тырнақалды еңбегі бола тұра, шалағай талапкердің шикілі-пісілі дүниесі емес, байсалды, білімді, ойлы әдебиетшінің дәл ашып, бажайлап талдаған еңбегі еді. Прозамыздың даңқты шебері Ғабиден Мұстафин туралы күні бүгінге дейін жазылған көлемді еңбек осы ғана. Шынын айтқанда, кемеліне келген ғалым қайта бір қарап, тереңдетіп, ұлғайтса, маңызды монография болайын деп тұрған дүние.

Қазақ мәдениетінің тарихында өшпес ізі бар, педагог-жазушы Спандияр Көбеевтің әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан толық зерттеп, тартымды кітап жазу арқылы Серік Қирабаев архив материалдарын қарауға, сирек фактілерді табуға ерінбейтін, жаңа қорытындылар жасауға мол мүмкіндігі бар қабілеттерін көрсетті.

Сөйтіп, атақты қаламгерлер туралы екі монографиялық очерк кітаптарын шығарып, ысылып, қалыптасып, әдеби-ғылыми қауымға жақсы танылған зерттеушінің жаңа, күрделі тақырыпқа қауырт бет бұрып, толысып, шығармашылық жағынан шеберлене түскенін дәлелдейді. Қазақша екі рет, орыс-



ша екі рет (бірі – Алматыда, екіншісі – Москвада) қайта басылған «Сәкен Сейфуллин» атты елеулі монографиясы тұңғыш жарияланғанда Серік Қирабаев отыз бес жаста екен. Сәкеннің кітаптарын, газет-журнал беттеріндегі дүниелерін, Сәкен туралы жазылған материалдарды, проблемаға қатысты теориялық мәні бар ғылыми еңбектерді түгел оқып, сын көзімен ой елегінен өткізіп алып, он екі тарауға бөліп жазған монография көптеген әдеби құбылыстарға баға береді. Бірқыдыру мәдени, тарихи мәселелерді қайтадан, ғылыми объективті тұрғыдан түсіндіреді. Ғалым Сәкеннің шыққан ортасын, әлеуметтік қызметін, қаламгерлік сапарын тиянақты көрсете отырып, екінші орайда жалпы әдеби процесті, қоғамдық, көркемдік ойдың дамуын, қазақ әдебиетінде реализм принциптерінің орнығуын, жанрлық формалардың өзгеру жүйесін зерттейді.

СССР халықтары әдебиетіндегі Владимир Маяковский, Египше Чаренц, Хамза Хаким-заде Ниязи тәріздес өршіл шығармаларымен бірге өнегелі төңкерістік өмірі бар Сәкен Сейфуллин туралы Серік Қирабаевтың еңбегі қазір жарияланған, жақсы бағаланған Есмағамбет Ысмайыловтың, Тұрсынбек Кәкішевтің белгілі кітаптарымен қатар әдебиеттануымыздың жаңа әрі болашағы мол саласы, революция және әдебиет деген ұғымдармен өзектес – сәкентанудың берік негізін қалады деуге толық хақымыз бар.

Тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағында («Өрлеу жолында», 1960) сыншы Қирабаев стилінің, зерттеушілік бағытының негізгі ерекшеліктері көрінген. Сол тұста шыға бастаған басқа да қаламгерлердің осы тақылеттес еңбектерімен теориялық, әдістемелік деңгейлестігінің үстіне, автор екі проблемаға айрықша мән берді. Бірінші – жалпылық, жинақтаушылық сипаттағы мақалалар, екінші – суреткерлік портрет үлгісіндегі материалдар.

Алғашқы топтағы «Совет әдебиеті – дүние жүзіндегі ең озық идеялы, алдыңғы қатарлы әдебиет», «Әдеби сынның партиялық принциптілігі үшін» деген еңбектер кейін бір жүйеге айналса,



Ж. Саин, М. Иманжанов, Х. Ерғалиев, Ә. Нұршайықов туралы мақалалар екінші арнаны құрайды.

Араға сегіз жыл салып шыққан «Октябрь және қазақ әдебиеті» атты екінші сын кітабында автор «Әдебиеттің есеу жылдары», «Соғыс және әдебиет», «Қазақ поэзиясының елу жылдығы», «Уақыт және қаламгер», «Сыншы еңбегі» деген проблемалық зерттеулерімен қоса Асқар Тоқмағамбетов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев туралы монографиялық этюдтерін енгізген.

Сыншының «Өнер өрісі» (1971) кітабында В.И. Ленин және әдебиет мәселелері, әдебиеттегі Ленин бейнесі, орыс-қазақ әдеби байланыстары зерттелді. Мектепте әдебиетті оқытудың методикалық проблемалары да жан-жақты қаралды.

Қазіргі уақытта қазақ сыншыларының аға, орта, жас буыны қажырлы еңбек етіп келеді. Академик-сыншы Мұхамеджан Қаратаевтың таңдамалы үш томдығының шығуы одақтық көлемде ауызға алынған құбылыстардың бірі болды. Әдебиетшілердің бүгінгі әдеби процеске, әдебиеттің теориялық мәселелеріне кең ауқымда бет бұруы – қазіргі тенденция. Сыншы С. Қирабаевтың соңғы еңбектері – осы алуандас бағыттың жақсы дәлелі.

Аты дәл табылып қойылған «Әдебиет және дәуір талабы» (1976) кітабына енген мақалалар, зерттеулер – бұрын газет-журналдарда басылған, әдеби процеске азды-көпті ықпал еткен, өзекті мәні бар еңбектер. Әсіресе бірінші бөлімдегі материалдар бүгінгі қазақ әдебиеттануының эстетикалық талғамын, философиялық салмағын, әділ принциптілігін толық дәлелдей алады. Қазір шығып жатқан туындыларды, әсіресе аты мәлім болып қалған қаламдастар шығармаларын биік талаптар тұрғысынан талдау үстінде сыншы ілгерілеу кепілі – ізденіс екендігін нақты мысалдармен дәлелдейді.

Серік Қирабаев өзінің сын кітаптарында классиктер М. Шолохов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, атақты жазушылар Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, белгілі қаламгерлер С. Бегалин, И. Байзақов, Қ. Аманжолов,



сирек сөз етілетін Б. Бұлқышев, М. Дәулетбаев, С. Дайырбеков, С. Шәріпов, Н. Ахметбековтердің қаламгерлік портретін жасаған.

Қазақ жазушыларының арғы-бергі уақыттардағы көптеген өкілі алған білімі, істеген қызметі жөнінен келгенде – педагог. Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, Б. Өтетілеуов, С. Торайғыров өз алдына, С. Сейфуллин, М. Әуезов ұзақ жылдар жоғары оқу орындарында қызмет етті. Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Т. Нұртазин, Б. Шалабаев бүкіл қажырлы өмірлерін ұстаздық жолға арнады.

Қазір де бірқыдыру жазушы педагогика жұмысында жүр. Соның бірі – Серік Қирабаев. Оның ұстаздық, педагогтік еңбегіндегі орта мектепке, жоғары оқу орнына оқулық жазу жұмыстарын бір мағыналы сала десек, институтта лекция оқу, ғылыми жұмыстарға басшылық етуі – екінші арна.

Ұзақ жылдардан бері тұрақты оқулыққа айналған, оныншы класқа арналған «Қазақ әдебиетінің» авторларының бірі Серік Қирабаев мектеп үшін тағы жақсы іс тындырды. Марқұм академик Қ. Жұмалиев авторлығымен шығып жүрген, енді жаңа талаптар деңгейінде жаңғырту керектігі байқала бастаған тоғызыншы класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын, негізгі материалдарды орынды пайдаланып, толықтырып, белгілі ғалымның авторлығын сақтай отырып, қайта жазып шықты.

Шәкірт ұстаз еңбегін осылай жалғастырса керек.

III

– Елуге келіпті.

– Кім?

– Серік Қирабаев.

– Ол кім?

– Филология ғылымының докторы, профессор, ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, сыншы, СССР Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі,



СССР Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР-інің ғылымға еңбегі сіңген қайраткері.

– Тал түсте осынша жерге келсе, сапары ұзақ жігіт екен, әрдайым жолы болып, айы оңынан тусын!

Үшінші эссе

Балалық, бозбалалық шағы соғыс кездерінің қылыштан қан тамған қаһарлы, жаралы жылдарына дөп келген ұрпақ өкілдерінен шыққан қаламгерлердің баршасына ортақ қасиеттер бар: ең алдымен, бұлардың қайсысын алсаң да, өмірдің қара қазанында қайнап піскен, тіршіліктің тас диірменінде әбден тартылған адамдар. Қаламнан өмірге келмеген, өмірден қаламға келген. Шығармаларындағы басты сипат, басты құнар – өмірдің лебі, тіршіліктің бояуы. Онда да оқығаннан тапқан дүниелер емес, өздері көрген, өздері бастан кешірген жайттар.

Мысал керек пе?

Прозашыны алыңыз – Бердібек Соқпақбаев. «Өлгендер қайтып келмейді». Драмашыны алыңыз – Қалтай Мұхаметжанов. «Көктөбедегі кездесу». Ақынды алыңыз – Қабдыкәрім Ыдырысов. «Әке жолы». Тағы да прозашы – Қалихан Ысқақов. «Қоңыр күз еді».

Қабдыкәрім Ыдырысов – әкесі саяси жаладан мерт болған, жесір ана қолына қарап қалған қоңторғай ауылдың жетім баласы. Ауылкеңес хатшысы, облыстық атқару комитетінің қызметкері, газет қызметкері, баспа қызметкері, Жазушылар одағының хатшысы, Кітап палатасының директоры, баспа директоры болды.

Қабдыкәрім Ыдырысов – ең алдымен ақын, Қазақстанның белгілі ақыны болатын. Лорка, Луконин, Гончарды қазақша сөйлеткен талантты аудармашы, публицист. Жиырмадан астам өлең кітаптарының авторы болған көрнекті қаламгер. Оның шығармасындағы негізгі сарындар, басты нысаналар, өзіндік ерекшеліктер ақынның дара қаламгерлік тұлғасын көрсетті.



Әр жастағы балаларға арналған ақын өлеңдерінен кішкентайлар психологиясын терең білетіндік байқалды: жаттауға лайық, айтуға жеңіл жырлармен қоса, Қ. Ыдырысов қаламынан қызықты, қысқа, драмалық элементтері мол шығармалар туды, олардың көбі қазақ радиосының тұрақты репертуарына кірді, балабақшаларда өскен мыңдаған балалар жаттап айтты. Ауызекі сөйлеу тілінің екпініне жақындық, эпос кестелерін пайдалану, заман ырғағын дөп басу – осы сияқты белгілер ақынның балалар поэзиясындағы туындыларын ерекшелеп тұрады.

Азаматтық пафос, публицистикалық леп – Қ. Ыдырысов лирикасындағы басты сарын. Ақынның көптеген өлеңдерін түгел алып, тұтас шолып, жинақтап салмақтағанда көзге түсетін ерекшелік автордың форма мәселесіндегі еркіндігі, түр ізденістеріне жиі баратындығы еді. Фольклордағы толғау үлгілері, әлем әдебиетіндегі еркін өлең кестелері ақынға ықпал жасағанын аңғару қиынға түспейді. Ыдырысовтың лирикасындағы ақындық ой түйдек төгіліп, құйылып түсіп, толғау стиліндегі ой ағымымен айтылады: «Бақыт туралы әңгіме», «Қартаймаңдар, қаһармандар» жырлары – осы пікірдің айқын дәлелі.

Ақын заманымызда болып жатқан әлеуметтік оқиғалар, олардың жеке адам санасына жасаған өзгерістерін тез сезіп, сергек жырлап отырады.

Патриоттық рухта жазылған шығармалар қатарында туған жер, өскен орта, бүгінгі Қазақстан туралы «Кең далам», «Менің Қазақстаным», «Семей», «Керекулік достарға», «Алматы», «Сырдария», «Отырар оттары», «Көлсайға барғанда» сияқты өлеңдер поэтикалық қуатымен, идеялық нысанасымен өркештеніп тұрады.

Бір қонып кеткен үйдің иесіне өліп-өшіп, айналып-толғанып шығарма арнайтын, бес күн барып келген жері туралы бес ай жырлайтын өлеңшіліктен Қабдыкәрім Ыдырысовтың бойын аулақ салатын кірпияздығы бізге ұнайтын. Балтық бойында туған «Латвия жігіттері», «Өлмейтін адам», «Сильвия



вальсі» өлеңдерінде әдемі сыр, келісті, дәл табылған форма бар. Қазақ көзімен қарағанда көрінген латыш келбеті бар.

Қазақ поэзиясы көкжиегінің кеңеюін көрсететін белгілердің бірі – тақырыптық өріс. Бұрын шетелдерге барған ақындарымыз бірді-екілі өлең, цикл тудырып жүрсе, Қабдыкәрім Ыдырысов араб елдерін аралау сапарынан «Арабстан, армысың!» атты тұтас, жүйелі кітап жазып қайтты. Бұл шығарманы оқығанда капиталистік елдер арасындағы айырманы көресің, ежелгі шығыстың ғажап жырларын бөлісесің, араб поэзиясындағы екпін-ырғақ, сарын әуездердің ауыс-түйісін байқайсың, халықаралық аренаға шығып сөйлеген қазақ ақынының даусын естисің.

Суреткерлік эволюция қызық процесс қой, күні бұрын болжап айту қиын. Толғау, тебіреніс үлгісіндегі көлемді өлеңдер жазып жүрген Қ. Ыдырысов «Адамның кейбір кездері» атты кітабында жаңа қырынан, жаңа олжамен көрінді. Поэзияға бүгінгі өміріміздегі тұрмыстық детальдар енді: телефон соғатын қыздар, балкондағы күшік, сіріңке. Бір шоғыр философиялық-сатиралық шығармалар туды. Аттарына назар аударыңыз: «Жүрек», «Бас», «Көз», «Қол», «Аяқ», «Тіл», «Бет».

Сәтті өлеңнің ғұмыры ұзақ, ал сәтті ән мәтінінің ғұмыры одан да ұзақ деуіміз мақұл болмақ. Әуезбен қанаттанған әнші шырқаған, халық жүрегіне жол тапқан «Баянауыл вальсі», «Қайдасыңдар, достарым?», «Құдалар жыры» – алысқа тартқан туындылар.

Балалар поэзиясында, лирикада татымды шығармалар берген Қабдыкәрім Ыдырысов қаламынан «Қайта оянған махаббат», «Жез леген» сияқты балладалар, «Отты күндерде», «Емен», «Әке жолы» секілді поэма-дастандар туды. Маңызды тақырыптарға арналған бұл шығармаларда жанр шарттары айрықша ескерілді: ықшамдылыққа, детальға, көркемдікке ерекше көңіл бөлінді.

Ақын өнерін жарқыратып көрсеткен, таланттың кемелденгенін танытқан күрделі шығарма «Әке жолы» поэмасы болатын. Бұл дастанда тарих айыптаған жеке адамға табынушылық кезіндегі кейбір келеңсіз оқиғалар суреттелді. Адал азамат



алғашқылардың бірі болып жаңа өмір орнатушы Ыбырай жала жабылып, ұсталып кетеді. Артында жап-жас әйел, қаршадай жалғыз ұлы қалады. Негізінен осы фабула төңірегінен поэма сюжеті өріліп шыққан.

Дойбы ойнауға кеткен әкесі үйге қайтпай қояды. Бір күн жоқ, екі күн жоқ. Жоқ... Әке мүлде оралмайды. Әкесін іздеп шырыққан ұлдың толғанысынан басталған поэма эпикалық арна мен лирикалық тебіреністің тығыз астасуына құрылған. Аз уақытта бәрі мәлім болады: енді Қимаштан қатар жүрген достары да қаша бастайды, кейбіреуі тіпті мазақ етеді. Бала жүрегін шымшылаған өсек-аяң қаулап барады.

Автордың жақсы тапқан, шебер пайдаланған көркем деталі – әке мен бала бірге түскен суреттің ортасынан қақ бөлінуі. Бұл эпизодта бәрі сөйлеп тұр. Қара қылыш, қара жылан секілді сусылдаған қара қайшы сенің де жүрегіңді тіліп бара жатқандай. Әкесіне ара түсуді сұрап, пионер баланың Сталинге хат жазуы да ерсі емес, сенімді нәрсе. Осы оқиғадан соң ауыл белсендісі Жұман үлкен адамның мазасын неге аласың деп Қимаштың өзін қуыра бастайды. Жазған хаты, Москва түгіл, облыс орталығына жетпегенін байғұс бала қайдан білсін. Сол содырлы Жұман, басқа сұмдығы аз болғандай, ішіп келіп, түделетіп есік қағады: шешесіне бірдеңе айтқысы келетін сияқты.

Шығармадағы көркемдік табыс – идеяның айқындығында, ақын элегиялық, пессимистік сарынға түсіп кетпей, трагедиялық әуенді, оптимистік рухы мол, реалистік поэма тудырған. Дастан сюжеті елімізде болып жатқан күрделі оқиғалармен тығыз байланыста алынған. Әуелде Қимаш үшін әкеден айрылу дүниенің тозағы болып көрінген, енді, міне, ел басына ауыр күн туды – соғыс болып жатыр.

Ақын соғыс кезіндегі тыл өмірінің сұсты суретін көз алдына әкеледі. Қимаштың заводқа кіруі де сенімді. Қиын кезде қол ұшын берген Құрбан аға бейнесі тартымды. Қимаштың әкесін іздеуі туыстық сезім ретінде ғана емес, ұрпақтар байланысы, толқындар жалғастығы ретінде суреттеледі. Ұрпақтар жалғастығын зорлықпен үзуді автор ашына айыптады. Көп құбы-



лыстарға бала Қимаштың көзімен қарап, баға береміз. Сұрапыл соғыс бітіп, ер азамат елге жеңіспен оралды. Біреу жарын, біреу әкесін, біреу ағасын тосып алып жатыр. Әлі де оралған әке жоқ – Қимаш жылайды, әлі де оралған жар жоқ – шеше жылайды.

Осындай буынды жерлерді дәл ұстаған ақын жеке адамға табынушылықтың, адамгершілік нормаларды бұзудың рухани өмірімізге келтірген зиянын әшкереледі, жағдай қанша ауыр болғанымен әділеттің жеңгенін көрсетті.

Қабдыкәрім Ыдырысов талантты, қабырғалы қаламгерлердің бірі еді. Ең алдымен, ол ақын еді. Сондықтан қауым Қабдыкәрім ақынды қашанда жыр бәйгесінің алдыңғы легінен, қарауыл төбенің басынан көргісі келетін. Зор салмақ артуға толық хақысы бар еді. Аяқ астынан келген ажал қыршын өмірді қиып түсті.

Төртінші эссе

I

Жағадағы адамдар үрпиісіп, түгел шулап қоя берді:

- Қайда кетті?!
- Сөйтуге бола ма екен?!
- Ал енді не істейміз?!

Мән-жайды түсінбей тұрғанымды біреуі сезсе керек:

– Ой, анау шалың жоқ. Суға түскенін көргенбіз. Батып кеткеннен сау ма өзі? Құтқарушыларға хабарлаймыз ба?

Осы кезде қуанған дауыс шықты:

– Ура, жүзіп келеді! Ақсақал жарады. Шаршаған адам емес қой мынау. Пәлі, ананы қара, әндетіп келеді. Қауіп ойлайтын түрі жоқ қой, бәтір-ау.

– Аяғыңыз тартып кетсе өлдіңіз ғой.

– Сіздің жасыңызда суға осынша көп түсуге болмайды. Қара теңіз ойыншық емес, жұтып жіберсе қайтесіз?



Ол күліп тұр. Осы сәтте Әбділда Тәжібаев құдды жойқын толқындардың төсін жарып, мұхиттан өтіп келген тарлан теңізші секілді еді.

II

Үздік шығармалар беріп, әлемдік даңққа бөленген, сапалы, мол сырлы, алуан әуезді қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің алдыңғы қатарында ауызға алынып, құрмет етілетін қаламгерлердің бірі – Әбділда Тәжібаев.

Ол – поэзия, драматургия, әдебиеттану жанрларында ұзақ жылдар өнімді, сапалы еңбек еткен терең тамырлы, құнарлы талант. Әдебиетке жастай келіп, өнерінің де ыстық-суығын көріп, қиындықтарға төзген, ауыртпалықтарды жеңген қайратты адам. Қазақ жаңа әдебиетінің туу, даму кезеңдеріндегі сан алуан құбылыстарды, жеңістерді, жеңілістерді, биіктеулерді, эволюцияны, түлеу-жаңғыруды Әбділданың шығармашылығынан айқын көруге болады. Өнердегі тұңғыш қадамын Тайыр, Қажым, Есмағамбет, Жұмағали сынды арқалы дарындармен бір мезгілде аттаған Әбділданы қазіргі ұрпақ ескінің көзі, жақсының сарқыты, мықтылардың жалғасы деп біледі.

Сыр бойында, Қызылорда шаһарында туған, әкеден ерте айрылған Әбділда тағдырындағы ерекше адам – анасы Айманкүл. Араб, парсы тілдерінен хабардар, көзі ашық, шығыстың ежелгі мәдениеті дәстүрінде тәрбиеленген ақын Айманкүлдің қабілетті, дарынды ұлы Әбділданы жастайынан поэзияға, сұлулық, әсемділікке, өнерге баулуы – әдебиет тарихында сирек кездесетін қызықты құбылыстардың бірі. Әдетте, ақыннан – ақын, ғалымнан – ғалым, қайраткерден – қайраткер туа бермейді ғой.

Сөйтіп, Әбділда ана көкірегінен мейірім сүті мен поэзия сүтін қатар емген. Қызылордадағы интернат, Алматыдағы ҚазПИ, Москвадағы Әдебиет институты – ақынды өсірген, білім берген шаңырақтар. Бұған Жазушылар одағының төрағасы, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің



депутаты деген әлеумет қызметтерін қосса, ақын тұлғасының азаматтық қырлары көрінеді.

Суреткер туындыларын жанрлық жағынан бірнеше сала, күрделі арналарға бөліп, жіктеп қарауға болады. Олар: поэзия, драматургия, ғылыми-сын еңбектер, проза. Оның шығармаларын жүйелі тексеру, ғылыми тұрғыдан зерттеу отызыншы жылдардың аяғында басталған. Алғашқы еңбек – Мұхтар Әуезовтің «Әбділда Тәжібаев» атты мақаласы. Отыздағы жігіттің тырнақалды шығармаларына көңіл бөліп, зейін салған көреген оқымысты жас дарынның суреткерлік ерекшеліктерін айқындап көрсетіп берді. Расында да, сол кездің өзінде сыршылдық, озық үлгілерден өнеге алу ақын туындыларының басты тенденциясы болатын.

Алғашқы өлеңдер заман туғызған, бұрын сахара өмірінде болмаған жаңа тілектерге, сарындарға, мақсаттарға арналған. Колхоздастыру, әлеуметтік тартыс, күні өткендерді сынау, өзгерістерді мадақтау – дәуірге тән тақырыптар еді. Әбділда өлеңдерінде формалық ізденістер, жаңа барлаулар байқалады. Тақырып жөнінен, түр кестесінен Сәкен Сейфуллиннен қабылдаған қалыптар да көзге түседі. «Сорлайды екенбіз» (1929) атты өлеңнен үгіт-насихат сарыны есіп тұр. Бейімбет үлгісіне жақындық бар.

Әбділда ақындығында үлкен арна – жаңалық болып ата-мекенді – Сырдарияны жырлау сарыны туды. Ол бұл өзенді үлкен символға айналдырады. Рейнді жырлаған Гейнені, Днепрді жырлаған Шевченконы өзіне пір тұтады.

*Сырда туған
Сырдың ұлы
Жаңа Гейне мен болам, –*

деген жолдарда ақын рухының мақтанышы бар.

Соғыстың қаһарлы, жаралы жылдарында азаматтық лириканың соны үлгілері туды. Ақын шығармашылығындағы биік кезең, қазақ лирикасы үшін оқиға болған «Аралдар» атты әй-



гілі жинақ еді. Мұнда Әбділда поэзиясындағы ырғақтар, бояулар, әуездер жарқырап жаңғырып көрінді. Ой мен сезім, лирика мен философия тоғысты. Дәл осы жинақтың көптеген қазақ ақындарына, әсіресе жастар поэзиясына ерекше ықпал-әсері болғандығын мойындау керек.

Дәстүрлі қазақ өлеңіндегі ішкі ырғақтар, дыбыстық, әуездік, терме кестелерін байыта отырып, Еуропа лирикасының жақсы үлгілерін нысана ету, қас қағым сәттегі сезім мен мәңгілік шындықты астастыра жырлау, дәуірдің қырағы көзі, заманның лүпілді жүрегі бола білу – осы алуандас сапалар «Көне қоңырау», «Құрдастар» секілді бүгінгі поэзиямыздың қымбат, асыл шығармаларының алтын өзегі.

Ақын поэма жанрында өндіріп көп шығарма жазды: оларда халық өмірінің түрлі кезеңдері, сан алуан адам тағдырлары, алыс ғасырлар, төңкерістер, жаңа заман ырғақтары жырланады. Бұл шығармалардың тақырыптық географиясы әр алуан. Автор үнемі үлкен өнер талаптарын ескеріп, өзекті проблемалар көтерген. Форма сонылығына, жаңа түрлерге мән берген. Дәл ажыратып айтар болсақ, поэмалар ықшам, оларда тармақты оқиғалар сирек, негізінен бір арна, бір жүйе, бір фабула тиянақталады. Мұнан Еуропа әдебиетіндегі баллада үлгісінің ықпалын танысың. Лирикалық қаһарман толғаныстарына көп орын беріліп, олар ақын тебіреністерімен астасып жатады. Классикалық поэма мен ұлттық үлгі-толғаудың тоғысуынан туған жаңа эстетикалық игілік бар. Әсіресе халықтық аңызды сүйек етіп жазған поэмаларда фольклор айшықтары, оралымды өрнектер қайталанады, суреткерлік мақсатқа орай құбылып өзгереді.

*Ердің аты өрмен тең,
Ездің аты жермен тең.
Еңіреп туған ер болса,
Ен жайлаулы елмен тең.*

Бұл жерде фольклор поэтикасының үлгісі бар.